

Қармақшы ауданында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 25 наурыздағы № 154 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 наурызда № 27232 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда Қармақшы ауданында туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері - болу құнының 0 (нөл) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы аудандық мәслихатының хатшысы

Ә. Қошалақов